

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғыл  
8 ғимарат, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24  
e-mail: info@ economy.gov.kz

010000, город Нур-Султан, район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел  
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-21  
e-mail: info@economy.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына,  
«АМАНАТ» партиясы  
фракциясына

2022 жылғы 4 мамырдағы № ДЗ-157

**Құрметті депутаттар!**

ҚР Ұлттық экономика министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) мемлекеттік-жекешелік әріптестік (*бұдан әрі – МЖӘ*) тетігін дамытуға қатысты жоғарыда көрсетілген Депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

***Жеке қаржылық бастама (бұдан әрі – ЖҚБ) негізінде тікелей келіссөздер тетігін алып тастауға қатысты***

МЖӘ туралы қолданыстағы заңнама МЖӘ жобасы:

- инвестордың меншік құқығындағы немесе ұзақ мерзімді жалға алған объектісіне қатысты бастамашылық жасалған;
- әлеуетті жекеше әріптеске тиесілі зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды іске асырумен тығыз байланысты болған жағдайларда әлеуетті жекеше әріптеске ЖҚБ-ны пайдалануға мүмкіндік береді.

Тікелей келіссөздерді іске асыруды институционалдық регламенттеуге қарамастан, осы салада жекелеген проблемалар бар, атап айтқанда, мемлекеттің жер учаскесін кейіннен ЖҚБ іске асыру үшін ұзақ мерзімді жалға беруі. Бұл тәсіл, өз кезегінде, экономикалық мүдделер теңгерімінің жекеше әріптестің пайдасына бұзылуына және сәйкесінше, бюджет шығыстарының және мемлекеттік міндеттемелердің ұлғаюына әкеледі.

Осыған байланысты, Министрлік «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заң

жобасы шеңберінде ұзақ мерзімді жалға алу құқығын алып тастау бөлігінде жеке әріптесті ЖҚБ тәсілімен айқындауға негіздерді шектеуді көздейтін түзетулер әзірледі, оларды Қазақстан Республикасының Парламентіне ағымдағы жылғы мамырда енгізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Министрлік ЖҚБ рәсімінің баламалы нұсқасын енгізу мәселесін пысықтауда, ол бюджет шығыстарын және жобаларды әзірлеу мен іске асыру жөніндегі бюрократиялық рәсімдерді қысқартуды және конкурстық қағидатты сақтауды қамтамасыз етеді.

Ұсынылатын ЖҚБ тетігіне сәйкес әлеуетті жекеше әріптес жобаны ЖҚБ арқылы іске асыруға ұсынылатын МЖӘ жобаларының уәкілетті орган бекіткен тізбесіне сәйкес әзірлейді. Бұл жекеше әріптес ұсыныстарының орынсыздығына және артық рәсімдерден өтуіне байланысты одан бас тарту тәуекелдерін төмендетеді. Сондай-ақ ЖҚБ рәсімі адал бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ететін және құжаттаманы (бизнес-жоспар мен конкурстық) екі рет әзірлеу тәуекелін нивелирлейтін конкурс өткізуді көздейді. Бастамашының мүдделері МЖӘ шартын ең жақсы талаптарда басымдықпен жасасу құқығымен, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың жобасын әзірлеу кезінде келтірілген шығыстарды өтеу құқығымен қорғалады.

***«Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ-ның (бұдан әрі – МЖӘ дамыту орталығы) МЖӘ жобалары бойынша жергілікті атқарушы органдарға берілген ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізуіне қатысты***

МЖӘ туралы заңнамаға сәйкес бюджеттен төленетін төлемдердің жалпы сомасы жергілікті атқарушы органның ағымдағы жылға арналған мемлекеттік міндеттемелер лимитінің 2 (екі) пайызынан астамын құрайтын МЖӘ жобалары, оның ішінде концессиялық жобалар бойынша МЖӘ дамыту орталығы:

- Министрліктің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының (бұдан әрі – № 725 қағидалар) 131-тармағына сәйкес бизнес-жоспарға;

- Министрліктің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларының 18-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің инвестициялық ұсынысына ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады.

Сондай-ақ, МЖӘ дамыту орталығы № 725 қағидалардың 6-тарауына және Министрліктің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 157 бұйрығымен бекітілген Концессиялық жобаларды жоспарлау және іске асыру қағидаларының 5-тарауына сәйкес МЖӘ жобаларының, концессиялық жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізу (бұдан әрі – Бағалау) шеңберінде МЖӘ жобаларын басқару сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеуді

жүзеге асырады.

МЖӘ орталығы ұсынымдарды әзірлеуді 2020 жылғы қарашадан бастап жүзеге асырады. Бүгінгі таңда жергілікті МЖӘ жобаларына 60-тан астам ұсыным әзірленді, жергілікті атқарушы органдардың оларды орындауын талдауды ағымдағы жылды бағалау шеңберінде МЖӘ орталығы жүргізетін болады.

***Жергілікті МЖӘ жобаларын жоспарлау кезінде өзін-өзі реттейтін ұйымдардың өкілдерін, депутаттар мен БАҚ-ты қоса отырып, қоғамдық бақылау институттарының жұмыс істеуіне қатысты***

Бүгінгі күні № 725 қағидаларда МЖӘ жобасын жоспарлау кезеңінде әлеуетті мемлекеттік әріптестің жобаны басқару сапасын қамтамасыз ету үшін ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандарын, тәуелсіз сарапшыларды, жобалық, инжинирингтік және басқа компанияларды, мүдделі және уәкілетті мемлекеттік органдарды, «Атамекен» ҰКП өкілдерін, кәсіпкерлік субъектілерін тарту арқылы Ведомствоаралық жобалық топ құратыны көзделген.

Ведомствоаралық жобалық топ мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- МЖӘ жобасын іске асыру тетіктері бойынша ұсыныстар мен бастамаларды зерделейді;

- МЖӘ жобасын жүзеге асыру тәсілін, конкурс түрін, жер учаскелерін бөлумен, инженерлік желілерге қосылумен байланысты мәселелерді іріктейді, бағалайды, басымдығын айқындайды;

- хаттамаға қол қою арқылы МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы не орындылығының жоқтығы туралы ұсынымдар қабылдайды;

- жоспарланған МЖӘ жобасы бойынша маркетингтік және өзге де зерттеулердің нәтижелерін зерделейді;

- барлық қажетті есептеулерді, оның ішінде МЖӘ жобасының алдын ала есептеулерін зерделейді;

- конкурстық құжаттамаға енгізу үшін ұсыныстар қалыптастырады;

- МЖӘ жобасын жоспарлау кезеңінен бастап МЖӘ шартын жасасу кезеңіне дейін МЖӘ жобасын дайындауға тартылған адамдардың есептерін тыңдайды;

- келісуші уәкілетті органдар мен ұйымдардан ескертулер алу шамасына қарай МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын келісу және сараптау процесі барысында пысықтауды жүзеге асырады. Бұл ретте сараптама немесе келісу нәтижелері бойынша қорытындыларда болған кезде Ведомствоаралық жобалық топ үшін МЖӘ жобаларын басқару жөніндегі ұсынымдар көрсетіледі;

- МЖӘ конкурстық құжаттамасын қарау, келісу, сараптау және бекітуден өту мерзімдері мен рәсімдерінің сақталуын қадағалайды.

Баяндалғандардан басқа, қазіргі уақытта МЖӘ процестерін цифрландыру, барлық рәсімдерді онлайн платформаға кезең-кезеңімен көшіру бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл шектеусіз тұлғалар тобы үшін МЖӘ

жоспарлаудың барлық процестерінің толық қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Ведомствоаралық жобалық топтың құрамына өзін-өзі реттейтін ұйымдардың өкілдерін, депутаттар мен БАҚ-ты енгізу туралы ұсынысты Министрлік МЖӘ туралы заңнамаға жаңа түзетулер қалыптастыру шеңберінде қарайтын болады.

*Құрметпен,*

**Министр**

**Ә. Қуантыров**

*Орынд.: Хамзин А.*

*Тел.: 74-32-49*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғыл  
8 ғимарат, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7 (7172) 74-38-24  
e-mail: info@ economy.gov.kz

010000, город Нур-Султан, район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел  
здание 8, тел.: +7(7172) 74-38-01, факс: +7(7172) 74-38-21  
e-mail: info@economy.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан,  
фракции партии  
«АМАНАТ»

На № ДЗ-157 от 4 мая 2022 года

**Уважаемые депутаты!**

Министерство национальной экономики РК (далее – Министерство), рассмотрев вышеуказанный Депутатский запрос касательно развития механизма государственно-частного партнерства (далее - ГЧП), сообщает следующее.

**Касательно исключения механизма прямых переговоров на основании частной финансовой инициативы (далее - ЧФИ)**

Действующее законодательство о ГЧП позволяет использовать ЧФИ потенциальным частным партнером в случаях, когда проект ГЧП:

- инициирован в отношении объекта, находящегося у инвестора на правах собственности или долгосрочной аренды;
- неразрывно связан с реализацией исключительных прав на результаты интеллектуальной творческой деятельности, принадлежащих потенциальному частному партнеру.

Несмотря на институциональную регламентацию реализации прямых переговоров, существуют отдельные проблемы в данной сфере, в частности передача государством земельного участка в долгосрочную аренду для последующей реализации ЧФИ. Данный подход, в свою очередь, приводит к нарушению баланса экономических интересов в пользу частного партнера и, соответственно, к увеличению расходов бюджета и государственных обязательств.

В этой связи, Министерством разработаны поправки в Закон РК «О государственно-частном партнерстве», предусматривающие ограничение оснований к определению частного партнера способом ЧФИ, в части исключения права долгосрочной аренды, которые в рамках законопроекта РК

«О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации отдельных поручений Главы государства» планируется внести в Парламент Республики Казахстан в мае т.г.

Вместе с тем, на сегодня Министерством прорабатывается вопрос введения альтернативного варианта процедуры ЧФИ, который обеспечит сокращение бюджетных расходов и бюрократических процедур по разработке и реализации проектов и соблюдение принципа конкурсности.

Согласно предлагаемому механизму ЧФИ, потенциальный частный партнер будет разрабатывать проект ГЧП в соответствии с утвержденным уполномоченным органом Перечнем проектов ГЧП, предлагаемых к реализации посредством ЧФИ. Это снизит риски отклонения предложений частного партнера в связи с его нецелесообразностью и прохождения излишних процедур. Также процедура ЧФИ предусматривает проведение конкурса, что будет обеспечивать защиту добросовестной конкуренции и нивелировать риск двойной разработки документации (бизнес-плана и конкурсной). Интересы инициатора будут защищены правом преимущественного заключения договора ГЧП на наилучших условиях, а также правом на возмещение расходов, понесенных при разработке проекта конкурсной документации.

***Касательно проведения анализа выполнения рекомендаций, выданных местным исполнительным органам по проектам ГЧП АО «Казахстанский центр государственно-частного партнерства» (далее - Центр развития ГЧП)***

Согласно законодательству о ГЧП, по проектам ГЧП, в том числе концессионным проектам, по которым общая сумма выплат из бюджета составляет более 2 (двух) процентов от лимита государственных обязательств местного исполнительного органа на текущий год, Центр развития ГЧП осуществляет выработку рекомендаций:

- на бизнес-план в соответствии с пунктом 131 Правил планирования и реализации проектов государственно-частного партнерства, утвержденных Приказом Министерства от 25 ноября 2015 года №725 (далее – *Правила №725*);

- на инвестиционное предложение администратора бюджетных программ в соответствии с пунктом 18 Правил разработки или корректировки, проведения необходимых экспертиз инвестиционного предложения государственного инвестиционного проекта, а также планирования, рассмотрения, отбора, мониторинга и оценки реализации бюджетных инвестиций и определения целесообразности бюджетного кредитования, утвержденных Приказом Министерства от 5 декабря 2014 года №129.

Также Центром развития ГЧП, в соответствии с Главой 6 Правил №725 и Главой 5 Правил планирования и реализации концессионных проектов, утвержденных Приказом Министерства от 22 декабря 2014 года №157, осуществляется выработка рекомендаций по улучшению качества

управления проектами ГЧП в рамках проведения оценки реализации проектов ГЧП, концессионных проектов (*далее – Оценка*).

Выработка рекомендаций Центром ГЧП осуществляется с ноября 2020 года. На сегодняшний день выработано свыше 60 рекомендаций на местные проекты ГЧП, анализ их выполнения местными исполнительными органами будет произведен Центром ГЧП в рамках Оценки текущего года.

***Касательно функционирования институтов общественного контроля с включением в них представителей саморегулируемых организаций, депутатов и СМИ при планировании местных проектов ГЧП***

На сегодняшний день Правилами №725 предусмотрено, что на стадии планирования проекта ГЧП для обеспечения качества управления проектом потенциальным государственным партнером создается Межведомственная проектная группа путем привлечения специалистов подведомственных организаций, независимых экспертов, проектных, инжиниринговых и других компаний, заинтересованных и уполномоченных госорганов, представителей НПП «Атамекен», субъектов предпринимательства.

Межведомственная проектная группа осуществляет следующие функции:

- изучает предложения и инициативы по механизмам реализации проекта ГЧП;
- отбирает, оценивает, определяет приоритетность, способ осуществления проекта ГЧП, вид конкурса, вопросы, связанные с выделением земельных участков, подключением к инженерным сетям;
- принимает рекомендации о целесообразности либо отсутствии целесообразности реализации проекта ГЧП путем подписания протокола;
- изучает результаты маркетинговых и иных исследований по планируемому проекту ГЧП;
- изучает все необходимые расчеты, в том числе предварительные расчеты проекта ГЧП;
- формирует предложения для включения в конкурсную документацию;
- заслушивает отчеты лиц, вовлеченных в подготовку проекта ГЧП, начиная с этапа планирования проекта ГЧП до этапа заключения договора ГЧП;
- осуществляет доработку конкурсной документации проекта ГЧП в ходе процесса ее согласования и экспертизы по мере получения замечаний от согласующих уполномоченных органов и организаций. При этом в заключениях по итогам экспертизы или согласования при наличии указываются рекомендации по управлению проектами ГЧП для Межведомственной проектной группы;
- отслеживает соблюдение сроков и процедур прохождения рассмотрения, согласования, экспертизы и утверждения конкурсной документации ГЧП.

Помимо изложенного, в настоящее время проводится работа по цифровизации процессов ГЧП, поэтапному переводу всех процедур на онлайн платформу, что обеспечит полную доступность всех процессов планирования ГЧП для неограниченного круга лиц.

Вместе с тем, Министерством будет рассмотрено предложение о включении в состав Межведомственной проектной группы представителей саморегулируемых организаций, депутатов и СМИ в рамках формирования новых поправок в законодательство о ГЧП.

*С уважением,*

**Министр**

**А. Куантыров**

*Исп.: Хамзин А.*

*Тел.: 74-32-49*